



№67 (9850)

23 тамыз,
сейсенбі

2022 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

ЖАЛАҒАШ

ЖАРҒЫШ

Қызылорда облысы

Жалағаш ауданы

Аппарат



КҮРІШКЕ ОРАҚ ТҮСЕР КҮН ЖАҚЫН

Ауданның 7 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінде өсім қалыптасқан. Тарқатып айтсақ, өнеркәсіп өнімдерін өндіру 2 есеге артып, нәтижесінде 9,9 млрд теңгенің өнімі өндірілген. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі шаруашылықтардың күріш ақтау есебінен 167 пайызға орындалып, 5,4 млрд теңгенің өнімі өндіріліпті. Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі де 126,7 пайызға артып, 4 млрд 445 млн теңгені құраған. Ал бұл көрсеткіш өткен жылы тиісті мерзімде 3 млрд 347,9 млн теңгеге орындалған болатын. Десе де жыл қорытындысымен бұл көрсеткіштің орындалмау қауіпі де жоқ емес. Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы тарапынан ауданға жоғары жылдық жоспар бекітілген. Яғни жыл аяғына дейін өңірге қосымша 7 млрд теңгеге инвестиция тарту қажет. Күні кеше аудан әкімі Асқарбек Есжановтың төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Жұпар Баймаханова осылай деді.

Күн тәртібінде үш мәселе қаралған мәжілісте Жұпар Хамитқызы басқа да салалар бойынша жылдық жоспардың 7 айда орындалуын кеңінен тарқатты. Ал өңір басшысы Асқарбек Темірбекұлы бірқатар саладағы кемшіліктерді қалпына келтіру бойынша тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Айта кетейік, ауыл шаруашылығы саласында 7 айда өндірілген өнім көлемі 4,6 млрд теңгеге орындалып, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 101,1 пайызға артқан. Ал тұрғын үй көлеміне келсек, Жалағашта 13 470 шаршы метрді құрайтын 92 тұрғын үй пайдалануға берілген. Бұл көрсеткішті өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 198,4 пайызға артқанын аңғарамыз. Жалпы құрылыс жұмыстарының көлемі 2 млрд 636 млн теңгеге орындалып, 2021 жылдың 7 айымен салыстырғанда 104,3 пайызға артқан.

Қаржы-салық саясаты бойынша да атқарылған жұмыста нәтиже жоқ емес. Аудан бюджетінің нақтыланған жалпы түсімдер болжамы 7 млрд 302,5 млн тең-

гені құраса, ол 7 млрд 379,6 млн теңгеге орындалып, яғни 101,1 пайызды құраған. Оның ішінде жергілікті бюджет кірістерінің жоспары – 1 016,5 млн теңге, орындалуы 104,4 пайызды құрап отыр.

Биыл тамыздың алғашқы күнінде кент және ауылдық округтер бюджеті нақтыланып, түсімдер болжамы 85,8 млн теңге болып белгіленді. Ал оның орындалуына келсек, 125,3 млн теңгені құрап отыр. Осы ретте Жұпар Хамитқызы дербес бюджетті нақтылау барысында кіріс бөлімі сәйкесінше шығыс бөлігімен 37 млн теңгеге ұлғайтылғанын қаперге салды. Бөлім басшысы кент, ауылдық округі әкімдері биыл дербес бюджеттің кіріс бөлімі түсімдерін орындау мақсатында салық түсімдерін толыққанды түсуіне жұмыс жасау қажеттігін айтады.

Ауданда тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2 601-ге жеткен. Бүгінде оның 2 416-сы, яғни 92,8 пайызы нақты жұмыс жасап тұр. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда тіркелген және жұмыс жасап тұрған шағын және орта

кәсіпкерлік нысандарында өсім бар.

Әлеуметтік салаға да кеңінен тоқталған баяндамашы өңірде экономикалық белсенді халық саны 14 947-ге жеткенін айтады. Ал жалағаштық 755 адам екі қолға бір күрек таппай жүр екен. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда экономикалық белсенді халық саны 283 адамға артқан. Десе де жұмыссыздар санында да 3 адамға өсім бар.

Биыл 7 айда 1 517 жаңа жұмыс орны ашылған. Оның 647-сі тұрақты. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырсақ, ашылған жаңа жұмыс орындары 171-ге кем. Жалпы жұмыссыздық деңгейі 5,1 пайызды құрап отыр.

Баяндамашы Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобаның орындалуын да назардан тыс қалдырмады. Оның сөзінше, қысқа мерзімді оқуға 13,4 млн теңге қаржы қаралып, 45 адамды оқыту жоспарланған. Ал мемлекеттік грантқа 283,2 млн теңге қаржы қаралып, 231 адамға грант беру межеленіп отыр. Бүгінге дейін комиссия

шешімімен 1 адам мал шаруашылығы бағытында 1 млн 225,2 мың теңге қаржылай қолдау тапқан.

Жұпар Хамитқызы әлеуметтік жұмыс орындары бойынша 13 жұмыс берушіге 30 адам жолданып, 6 млн теңге жұмсалғанын айтады. Сондай-ақ жасар практикасымен 158 адам жолданып, 49,9 млн теңге қаражат осы мақсатқа игеріліпті. Ал қоғамдық жұмыстарға 746 адам жолданып, 134,6 млн теңге қаржы төленген. Алғашқы жұмыс орнымен 7 айда 7 адам жұмысқа орналасты, Ұрпақтар келісімшарты бойынша 3 жұмыс берушіге 3 адам жолданған. Бұл мақсатқа 995,7 млн теңге қаржы бөлінген.

Бөлім басшысы басқосуда мұнан бөлек денсаулық сақтау, құрылыс сынды өзге де салалар бойынша 7 айда атқарылған жұмыстарға шолу жасады. Ал қоғамдық қауіпсіздік саласына арнайы тоқталған ол тамыз айына дейін тіркелген қылмыстар азайғанымен ауыр қылмыстар санында өсім барын жасырмады. Сонымен қатар жол апаты мен одан жарақат алғандар санында да өсім барын тілге тиек етті. Сөз соңында Жұпар Баймаханова жалпы аудан бойынша барлық макроэкономикалық көрсеткіштердің орындалуы қатаң бақыланып, тиісті басқармалармен жұмыстар атқарылып жатқанынан хабардар етті.

Мәжілісте аудан басшысы Асқарбек Есжанов шілде айына дейін негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша аудандар арасында Жалағаштың алдыңғы қатарда екенін жеткізіп, өлі де бұл бағытта атқарылуы тиіс жұмыстарға қатысты нақты тапсырмалар берді.

2 →

Ел жаңалықтары

Қаржылай көмек 475 мың балаға көрсетіледі

Оқу-ағарту министрлігінің Facebook парақшасында жарияланған ақпаратқа сәйкес, «Жалпыға міндетті білім беру» қоры аясында 300 мыңнан астам оқушы қаржы алды. Қаржылай көмек 475 мың балаға көрсетіледі.



«Оқу-ағарту министрі білім басқармаларының басшыларымен кездесуде төлемдерді 23 тамызға (қоса алғанда) дейін аяқтау туралы тапсырма берді. Биылдан бастап Оқу-ағарту министрлігі қаржылай көмек көрсету ережелеріне өзгерістер енгізді. Егер бұрын өңірлерде бөлінген сома 17 мыңнан 40 мыңға дейін болса, биыл бұл сома ұлғайтылып, кемінде 37 389 теңгені құрайды», – деп атап өткен министрліктен.

Ведомство мәліметінше, көмек беру тетігіне де өзгерістер енгізілді. Енді ата-аналарға қаржы балаларымен бірге мектеп формасын, аяқ киім, кеңсе тауарларын және тағы басқаларын өз бетінше таңдай алуы үшін банктегі шотына аударылады. Бұған дейін мұның барлығын әкімдіктер сатып алатын және тауардың өлшеміне, сапасына және басқа да жайтқа қатысты мәселелер туындайтын.

«Енді ата-аналар өздерінің банктегі шотына ақшаны тікелей алып, балаларына мектеп формасын, кеңсе тауарларын және аяқ киімін өз бетінше таңдай алады. Мұның артықшылығы – бала ата-анасымен бірге таңдаған киіммен мектепке бара алуында. Бұған дейін сатып алумен әкімдіктердің қызметкерлері айналысатын. Кейде киімнің өлшеміне, сапасына қатысты проблемалар туындайтын. Қазір әкімдіктер қаражат аударуды аяқтап жатыр. 37 389 теңге – ең төменгі сома. Жергілікті атқарушы органдар көрсетілген көмек көлемін көбейте алады, бірақ оны азайтуға құқығы жоқ. Кейбір әкімдіктер бұл сомадан артық қаржы бөліп жатыр, мысалы, Алматы 43 мың теңгеден. Біз мұны тек құп көреміз», – деді Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Дулат Жекебаев.

Дизель отынына дифтариф енгізілді

22 тамыздан бастап Энергетика министрлігінің бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленген бөлшек саудада өткізілетін мұнай өнімдеріне шекті бағаларды белгілеу туралы бұйрығы күшіне енді.



Бұйрыққа сәйкес мынадай маркалы бензиннің бағасы бұрынғы деңгейде қалады:

Аи-80 – 89 теңге. Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында Аи-92 және Аи-93 маркалы бензиннің бағасы литріне 187 тг, Қазақстанның басқа облыстарында литріне 182 тг, дизель отынының бағасы литріне 450 теңге болады.

Бұйрықпен Қазақстан Республикасында берілген жүргізуші куәлігін көрсеткен кезде дизель отынының лимиті өңіріне қарай күніне 100 литр көлемде бір литріне 230-260 теңге бағаммен белгіленген, ал Қазақстан Республикасында көлік құралдарын тіркеу туралы куәлікті көрсеткен кезде жоқ, арнайы, мамандандырылған автомобильдер мен автобустар үшін бекітілген лимит 300 литр үшін тәулігіне өңіріне қарай литріне 230-260 теңге бағаммен сатылады.

Қалған санаттағы адамдарға, сондай-ақ көрсетілген лимиттерден қаржы дизель отыны литріне 450 теңгеден босатылады.

Сондай-ақ ҚР Энергетика министрлігі мүдделі тараптармен бірлесіп, автожанармай қуя станцияларында (АЖҚС) сатылатын дизель отынының тәуліктік көлемін одан әрі қадағалау үшін ақпараттық жүйені анықтауға байланысты мәселелерді пысықтап жатыр.

Жақын арада АЖҚС өкілдерімен бірлесіп жүйелерді тестілеу іткізіледі. Қазіргі таңда 2019 жылы өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін есепке алудың ақпараттық жүйесі» ықтимал нұсқалардың бірі ретінде қарастырылуда. Қазіргі уақытта елдің АЖҚС нақты уақыт режимінде мұнай өнімдерінің қалдықтары бойынша деректерді көрсетілген ақпараттық жүйеге беріп жатыр. ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1177 қаулысына сәйкес аталған ақпараттық жүйенің операторы «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ болып табылады.

Argus Каспий нарығы сервисінің деректері бойынша ЕЭО-ға мүше елдерде дизель отынының құны 2022 жылғы 1 тамызда мынаны құрады: Армения – 758 тг/литр; Ресей – 446 тг/литр; Қырғызстан – 412 тг/литр; Беларусь–446 тг/литр.

Ауыл тынысы

Бақ бірлігі бекем елге қонады

Ауылдарды көркейту-кегәлдандыру, жергілікті кәсіп көздерін көбейту және іргелі шаруашылықтарды күшейтіп, ауыл халқын жұмыспен қамту бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселесі. Бұл бағытта үлкен жұмыстар атқарылып жатыр. Соның нәтижесінде ауданымызға қарасты ауылдық округтер жылдан-жылға көркейіп, шаруасы ширап келеді. Тіпті кейбір елді мекендер аймағымыз ғана емес, республикадағы үлгілі ауылдардың қатарына енді.

Аудан әкімі Асқарбек Есжанов бір апта бойы ауылдық округтерді аралап, тұрғындармен кездесіп, ел ішінің ахуалымен танысып шықты. Аудан басшысының кезекті сапары Қаракеткен, Мөрәлі Шөменов, Ақсу ауылдарында жалғасты.

Аудан орталығынан 23 шақырым қашықтықтағы Қаракеткен – бір кездері мал шаруашылығын өркендеткен іргелі ауылдың орталығы болған. Одан бөлек, темір жолдың бойында орналасқан бұл ауылдың тіршілігі тоқсаншы жылырдағы қиын кезеңде де тоқтаған жоқ.

Қазір де Қаракеткен берекелі ауыл. Бастысы, халқының бірлігі бекем. Өзге ауылдар секілді күріш егугеіміз тұрғындары мемлекетке қарап аузын ашпай, мүмкіндіктеріне мал өсіріп, бақша салып, балық аулап, тұрмыстарын түзеп отыр. Алайда ауылда түйткілді мәселе де жоқ емес. Ауыл сыртындағы бақшалыққа аяқ су жеткізуде және мал жайылымдық, шабындық жерлерді пайдалануда біршама қиындықтар бар көрінеді. Бұл жөнінде азданда ертелетіп ауылдық клубқа жиылған тұрғындар, соның ішінде мал өсірумен айналысып отырған шаруалар аудан әкіміне өздерін толғандырып жүрген мәселенің мән-жайын түсіндіріп, ұсыныстарын жеткізді.

Төрт түлікті тіршілігіне тірек етіп отырған ауыл тұрғындары бүгінде аяқ судың тапшылығынан қысық мал азығын дайындайтын шабындықтардың құрап және мал жаятын жердің қусырылып бара жатқанын айтады. Шабындықтардың жайы бөлгілі, су бәрмаса, бір тал шөп өсіңпайды. Ал иен даладағы мал өрісінің тарылуын үйінде жатып пайда көргісі келетін кейбір тұрғындар қолдан жасап отырған сыңайлы. Нақтырақ айтсақ, ауылға тиесілі аймақта өзге ауылдың жылқылары жайылып жүрген көрінеді. Шаруалардың айтуынша, бір кездері ауыл айналасындағы жайылымдарды кәсіпкерлік мақсатта пайдаланамын деп заңдастырып алған иесі бүгінде ол жерлерді өзі пайдаланбай, түгелдей өзге ауылдың мал шаруашылығына заңсыз жолмен жалға беріп қойыпты. Қиындығы сол үйірлі жылқының тұяғы тиген жерлер жылдан жылға тозып бара жатқан көрінеді. Расында бұл үлкен мәселе. Шаруалардың шыршылдайтынындай бар. Егістік жердің де, жайылымдық жердің де игілігін заңды бөлінен басқан өзгелер емес, сол ауылдың тұрғындары көруі тиіс және заңды рәсімделген жағдайда ғана.

Бұл мәселе бойынша аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Баба-



назар Байболов жауап берді. Б.Байболовтың айтуынша, даулы жер кезінде заңсыз берілген, тек енді оның күрмеуін соттың шешімі ғана тарқатады. Кездесу барысында аудан басшысы тиісті сала басшыларына бұл мәселені жедел арада зерттеп, анықтап бір жақты шешуді тапсырды.

Сондай-ақ тұрғындар тарапынан 1 063 халқы бар ауылға емхана салынса және жедел жәрдем көлігі берілсе деген ұсыныс айтылды. 2024 жылы Қаракеткен ауылынан емхана салынынын жеткізген аудандық аурухананың бас дәрігері Еркебулан Мақсұтов алдағы уақытта жедел жәрдем көлігінің де мәселесі шешілетінін айтты. Шалғайда жатса да Қаракеткеннің жыл өткен сайын демографиялық ахуалы көтеріліп келе жатқаны қуантады. Демек, тұрғындар тұрақтап, бала туу көрсеткіші көбейген ауылдың болашағы бар. Ендеше, болашағы бар ауылды көркейтуге жұмыс жасалуы тиіс. Тұрғындар тілегіне құлақ түріп, сұрақтарына жауап берген Асқарбек Темірбекұлы ауылда бірер жылда атқарылатын жұмыстарға қысқаша тоқталды. Атап айтсақ, Өңірлерді дамыту бағдарламасы бойынша Карл Маркс, Ы.Өмірзақов көшелеріне тамыз айында электр шамы орнатылады. Ал көлер жылы

2 →

КҮРІШКЕ ОРАҚ ТҮСЕР КҮН ЖАҚЫН

– Биыл қантар-шілде айларының қорытындысымен негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша жалпы өсім қалыптасқан. Аудандар арасында алдыңғы қатардан көріндік. Ендігі кезекте негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің 9 ай және жылдың қорытындысымен болжамды орындалуын қамтамасыз етуіміз қажет. Алдағы уақытта кент және ауылдық округ әкімдерімен тығыз жұмыс жасап, барлық атқарылып жатқан жұмыстар статистикалық есептілікке енгізілу керек. 9 ай қорытындысымен де оң тенденция қалыптасу қажет. Хабарламада жыл қорытындысымен негізгі капиталға тартылатын инвестицияның орындалмау қауіпі бар екендігін атап өттіміз. Есепті мерзімге 1517 жаңа жұмыс орны ашылып, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 10,2 пайызға немесе 171 жаңа жұмыс орнына кем ашылған. Бүгінге дейін тек 1 адамға мемлекеттік грант берілген. Қаралып отырған қаржы – 283 млн теңге. Бұл жұмыстар қашан басталады? Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда ауданда тіркелген қылмыстар саны 2 қылмысқа азайғанымса, ішінара қылмыс түрлері бойынша өсім байқалуда. Әрқайсының өз салаларының бойынша индустриалардың толық орындалуын қамтамасыз етіңіздер. Ауданның негізгі көрсеткіштерін 9 ай қорытындысы және жыл қорытындысы бойынша оң тенденцияға шығуды қамтамасыз ету керек. Аудандық экономика және биоджеттік жоспарлау бөлімі, аудандық статистика басқармасымен бірлесіп, ай сайын экономикалық көрсеткіштердің орындалуына талдау жасаныздар. Аудандық полиция бөлімі қылмыстардың алдын алу бойынша тиісті шаралар қабылдасын және жол-көлік оқиғаларының алдын алу шараларын жүргізуді қамтамасыз етсін. Аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі аудандағы кәсіпорындардың өнім өндіру жағдайына күнделікті талдау жасап, олардың өнім көлемдерінің төмендеп кетуіне жол бермесін және статистикалық деректерге енгізуді қамтамасыз етуді ұйымдастырсын. Аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі аудандық статистика басқармасымен бірлесіп, жүргізілген құрылыс жұмыстарының және салынған жеке тұрғын үйлер көлемінің статистикалық көрсеткіштерге жүйелі енгізілуін іске асырсын. Аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі, халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында жүйелі түрде жұмыстарды атқарсын. Оң нәтиже жақсы, өріне. Бірақ бұл бұған тоқмәйлімсіей, мұнан да жоғары көрсеткішке жұмыс жасауымыз керек, – деді өңір басшысы.

Жалағаш ауданында жылытылатын барлығы 101 әлеуметтік, бюджеттік нысан бар. Әлеуметтік нысандардың саны – 81. Оның 35-і сұйық отынмен, 39-ы қатты отынмен, екеуі электр тоғымен жылытылса, 5 нысан көгілдір отынға қосылған. Кешегі аппарат мәжілісінде 2022-2023 жылдары ауданның жылу беру маусымына дайындық барысы да пысықталды.

Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Әмірзақ Елеусиновтың сөзіне сүйенсек, бұл бағытта тиісті жұмыстар атқарылған. Жылу беру маусымына барлық әлеуметтік және басқа да нысандардың сұйық отын қажеттілігі 2 250 тоннаны құраса, 2 900 тонна көмір керек. Қазіргі таңда бұл нысандар 696 тонна сұйық отын, 620 тонна қатты отынмен қамтамасыз етілген. Барлық нысанда 2023 жылдың 15 қантарына дейін қажетті отын қорын сатып алуға қаржы қаралған. Қалған отын қорымен қамтамасыз ету 2023 жылдың бюджеті есебінен жүргізіледі деп жоспарланып отыр.

Әлеуметтік нысандарда жоспарға сәйкес жылу беру маусымына дайындық жұмыстары

жүргізілген. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №55 бұйрығымен бекітілген «Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу қағидаларына» сәйкес, 2022-2023 жылдардағы жылу беру маусымына әзірлік паспортын алуға өтініштерді қабылдау 15 тамызда басталып кетті. Бұ жұмыстар 25 қыркүйекке дейін электронды түрде жүргізіледі.

Бүгінде білім ошақтары тарапынан әзірлік паспортын алуға тиісті құжаттар жүргізілуде. Осы орайда қалған әлеуметтік нысандарда дайындық жұмыстарын аяқтап, әзірлік паспортын алуға құжаттарын бөлімге жолдаулары тиіс. Аудан бойынша әзірлік паспортын алатын әлеуметтік нысандар саны – 74.

Ө.Елеусиновтың сөзіне, аудан тұрғындарына 2022-2023 жылдардағы жылу беру маусымына қатты отын қажеттілігі 11 500 тоннаны құрайды. Жеке кәсіпкерлермен ауа райының ыстығына байланысты қатты отынды тамыз айының соңынан бастап жеткізу жоспарланып отыр. Қазіргі таңда қатты отын қоймасында өткен жылу маусымынан 300 тонна көмір қоры бар екен.

– Қажетті қатты отынды жеткізу үшін жеке кәсіпкерлермен меморандум жасалды. Мектептерге жылу беру маусымына сұйық отын қажеттілігі 1 450 тонна, қатты отын қажеттілігі 723 тоннаны құрайды. Биыл мектептерге сұйық отын сатып алуға 358,4 млн теңге, қатты отын сатып алуға 9,5 млн теңге қаржы қаралған. Индустриалды-аграрлық колледжіне қатты отын қажеттілігі – 174 тонна, қазіргі таңда онда 17 тонна көмір қоры бар. Балабақшалар бойынша 10 балабақшаның 9-ы сұйық отынмен, 1 нысан қатты отынмен жылытылады. Балабақшаларға жылу беру маусымына сұйық отын қажеттілігі 359 тонна, қатты отын қажеттілігі 43 тоннаны құрайды. Биыл аудандық мәдениет үйінің, мәдениет және өнерді дамыту орталығы мекемесінің жылу жүйесі көгілдір отынға көшіріледі. Аудан бюджетінен қаржыландырылатын басқа да мекемелердің жылу беру маусымында сұйық отын қажеттілігі 109 тонна, қатты отын қажеттілігі 212 тоннаны құрайды. Биыл аудандық бюджеттен сұйық отын сатып алуға 32,4 млн теңге, қатты отын сатып алуға 2,2 млн теңге қаржы қаралған. Қазіргі таңда нысандар 14 тонна сұйық отынмен, 12 тонна қатты отынмен қамтамасыз етілген. Биыл аудандық қаржы бөлімінің жылу жүйесі көгілдір отынға көшіріледі, – деді бөлім басшысы.

Биыл мұнан бөлек Жалағаш кентіндегі бірқатар бюджеттік, әлеуметтік нысандардың жылу жүйелерін көгілдір отынға көшіруге қаржы қаралып, осы бағытта тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр екен. Олардың қатарында жоғарыда атап өткен Қ.Қазантөев атындағы аудандық мәдениет үйі де бар. Жобаның жалпы құны – 23,3 млн теңге. Бүгінде мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізіліп, мердігер мекеме де анықталған. Ал мәдениет және өнерді дамыту орталығы мекемесінің жылу жүйесін көгілдір отынға көшіруге объекстық бюджеттен 27,3 млн теңге қаржы бөлінген.

Аудандық қаржы бөлімі де жуырда жылу маусымында газ тұтынады. Жоба құны – 29,6 млн теңге. Мұнан бөлек көгілдір отынға қосылатын нысандар қатарында «Күншуақ», «Ақмаржан» балабақшасы, №19 санаториялық балабақша, кенттегі Наркескен» спорт клубы, аудандық жұмыспен қамту бөлімі, аудандық кітапхана бар.

Биыл тамыз айының екінші онкүндігіне дейін 1 958 тұрғын үй орталықтандырылған газ желісіне қосылып, жалпы тұрғын үйлердің 61,9 пайызы көгілдір отынның игілігін көруде. Ал ауылдық елді мекендерді орталықтандырылған газ желісімен қамтамасыз ету бағытында тиісті жұмыстар атқарылып жатыр. Мәселен, былтыр Ақсу елді мекенін газдандыру үшін жобалау-сметалық құжаттар әзірлеуге аудандық бюджеттен 9,2 млн теңге

қаржы бөлінген. Ал М.Шәменов елді мекенін газдандыруға жобалау-сметалық құжаттар әзірлеуге биыл өңір қазынасынан 7,6 млн теңге қаралыпты.

Асқарбек Есжанов бөлім басшысының жылу беру маусымына сақадай сай борлу қажеттілімізді қаперіне салды. Сондай-ақ бірқатар бөлім басшыларының бұл маусымға дайындық барысына қатысты ойлары ортаға салынды.

– Қатты отын қоймаларында тек 300 тонна көмір өткен жылу маусымынан қалған қор бар. Тұрғындардың қалдық көмірді алмайтыны тағы белгілі. Жеке кәсіпкерлермен қатты отынды жеткізу үшін меморандумдар жасалғанымен бүгінде дейін қозғалыс жоқ. Тұрғындарға қатты отын жеткізу қашан басталады? Осыған байланысты тұрғындар тарапынан ешқандай мәселе көтерілмеуі тиіс. Қазіргі таңда 6 әлеуметтік нысанның жылу жүйелерін газ отынына көшіру жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстар қай деңгейде? Жылу беру маусымына дейін аяқталады ма? Осыған талдау жүргізіп, бақылау қажет. Ауылдық округ әкімдері елді мекендер бойынша алдағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын қадағалаңыздар. Ауыл тұрғындарының Жалағаш кентінен көмірді алу үшін қаржылық мәселеге байланысты қиындықтар туындауы мүмкін. Бұл мәселені де назардан тыс қалдыруға тағы болмайды. Барлық мекеме басшылары нысандардың жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын 20 қыркүйекке дейін аяқтау керек. Жылу беру маусымына қажетті отын қорымен қазанға дейін қамтамасыз етіңіздер. 2021-2022 жылдардағы жылу беру маусымына әзірлік паспорттары мемлекеттік көрсетілетін қызмет арқылы берілетіндіктен, бекітілген қызмет көрсету стандарты бойынша тиісті құжаттардың өтінішпен бірге 25 қыркүйекке дейін аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне өткізілуін қамтамасыз етсін. Кент, ауылдық округ әкімдері, бөлім, мекеме басшылары жылу беру маусымына дайындық жұмыстарының уақыты аяқталуына, әзірлік паспортын алуға тікелей жауапты екендеріңізді ұмытпаңыздар. Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі тұрғындарға көмірдің үздіксіз жеткізіліп тұруын үнемі назарда ұстаңыз. «Қызылорда газ тарту жүйесі» кәсіпорынының Жалағаш ауданы бойынша учаскесі газ монтаждау жұмыстары кезінде техникалық қауіпсіздікті қатаң сақтап, мердігер мекемелермен тығыз қарым-қатынаста болуын қамтамасыз етсін. Тұрғындарды газ отынына көшіру мақсатында ақпараттандыру жұмыстарын күшейтсін, – деді өңір басшысы.

Аудан басшысының бұл тапсырмаларының барлығы алдағы маусымдық кезеңге дайындық барысын қамтамасыз етуге арналған. Расында алдағы уақытта бұл кезеңде ешқандай мәселе болмауы керек. Ол үшін тиісті тапсырмалардың орындалуын жауапты сала басшылары назардан шығармағаны абзал. Аппарат мәжілісінде егін жинау науқанына дайындық барысы да пысықталды. Биыл 35 486,5 гектарға егіс орналастырған аудандықандары алдағы онкүндікте егінге орақ сарла. Ал ала жаздай бапталған өнімнің зая болмауы үшін егін жинау науқанына дайындық барысы ұдайы назарда болғаны дұрыс.

Биыл жергілікті шаруашылықтар 18 501 гектарға Сыр салысын сөуіпті. Мұнан бөлек 720 гектар бидай, 73 гектар қант құмайы, 42 гектар арпа, 39 гектар соя, 520 гектар мақсары, 445 гектар сүрлемдік жүгері, 5 гектар сұлы, 2,5 гектар қант қызылшасы, 4 903 гектар жаңа жоньыққа егіліп, 7 186 гектар ескі жоньыққа күтімге алынған. Бақша дақылдарына келсек, 646 гектар картоп, 1 108 гектар көкөніс және 1 296 гектар басқа да бақша дақылдары өрте



көктемде егілген.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Марат Қалинязов егінді әртараптандыру бағытында бидай 30 гектарға, жүгері 298 гектарға, арпа 12 гектарға, мал азықтық жоньыққа дақыл 1 329 гектарға өткен жылдан артық орналастырылғанын айтады. Тәжірибелік мақсатта алғаш рет 73 гектар қант құмайы, 39 гектар соя, 5 гектар сұлы, 2,5 гектар қант қызылшасы егілген. Марат Мәнерұлы бұл дақылдардан жоғары өнім алынған жағдайда оның көлемі артатынын айтады.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, шаруашылықтардың егістік алқаптарынан жерлер дайындалып, картоп, көкөніс, бақша дақылдарын орналастыру жұмыстары да өз деңгейінде орындалған. Мәселен, биыл ауданда 250 гектар жер дайындалыпты. Келер жылы оның көлемін 500 гектарға дейін көбейту жоспарлануда.

Қазірдің өзінде жергілікті шаруашылықтар 720 гектар бидайдан 5 400 центнер өнім жиған. Ал 42 гектар арпадан 294 центнер, 5 гектар сұлыдан 63 центнер, 73 гектар қант құмайынан 2 920 центнер астық алынған. Марат Мәнерұлы бүгінге дейін 520 гектар мақсарының 110 гектары жиналып, 913 центнер өнім қамбаға күйылғанын айтады. Мал азығына келсек, 7 186 гектар ескі жоньықаның 420 гектары тұқымға қалдырылып, қалған 6 766 гектар жоньықаның 1 орымынан 170 503 центнер өнім алынған. Екінші орымынан 6 766 гектар мал азығы жиналып, 200 274 центнер өнім алынған.

– Күріш, сүрлемдік жүгері, соя дақылдарын ору жұмыстарын тамыз айының 25-інен бастау жоспарлануда. Қазіргі таңда аудан бойынша 17 515 гектар күріштік алқаптың суы байланда. Күріш дақылын орналастыру барысында Ақсу, М.Шәменов, Мәдениет ауылдық округтерінде су тапшылығы мәселесі орын алды. Шаруашылықтар қажетті жерлерге су тартқшқ насос қондырғыларын пайдалану арқылы орналастырылған егінді сумен қамтамасыз етуде. Биыл 25 тамызда ауданда Мәдениет ауылдық округіне қарасты «Мәдениет» шаруа қожалығы алғашқы күрішке орақ салу жұмыстарын жоспарлап отыр, 27 тамызда Ақсу ауылдық округіне қарасты «Сөрке батыр» ЖШС күрішке орақ салу жұмыстарын жоспарлауда. Аудан шаруашылықтары күзгі егін жинау жұмыстарына қатысатын ауыл шаруашылығы техникаларының 95 пайызын күрделі жөндеуден өткізді. Қазіргі таңда олар егін жинау жұмыстарына толық дайын. Егін жинау жұмыстарына барлығы 1 103 ауыл шаруашылығы техникасы қатысады. Сонымен қатар егінді әртараптандыру бағытында техника қажарту жұмыстарын үнемі жүргізуде. Бұл жергілікті шаруашылықтар 25 ауыл шаруашылығы техникасын 309,6 млн теңгеге сатып алды. Күзгі егін жинау жұмыстарына

қажетті жеңілдетілген дизель жанармайын шаруашылық басшыларының ұсынысы бойынша «Нефть Транс Қызылорда» ЖШС және «РК-Мұнай» ЖШС қамтамасыз етеді. Күзгі егін жинау жұмыстарына қажетті 2 596 тонна дизель жанармайына сұраныс берілді. Алдағы уақытта егін жинау жұмыстары толық бақылауға алынып, күнделікті қадағаланады, – деді бөлім басшысы.

Басқосуда аудан әкімі соңғы жылдары қалыптасқан аяқ су тапшылығына қатысты мәселенің салдарынан жергілікті шаруашылықтар былп да қиындыққа тап болғанын жасырмады. Сондай-ақ ол алдағы науқанға дайындық барысы үнемі бақылауда болуы қажет екенін бөлім басшысының қаперіне салды.

– Биыл орын алған су тапшылығына байланысты ауданда егінмен айналысатын шаруашылықтар біраз қиындықты көрді. Дәл осы жылы ауданға қажетті 1 млрд 15 млн текше метр су келеді деп жоспарланса, нақты 931 млн текшеметр су келген. Жоспарланған су көлемі жыл сайын азаюда. 2023 жылы судың көлемі қалай болады? Алдағы жылдары су деңгейінің көбеюіменітіні бірімізге мәлім. Суды аз қажет ететін жоньыққа, жүгері, арпа, бидай дақылдарының жағдайы қалай және келесі жылы бұл дақылдардың көлемі тағы арта ма? Осы жағдайлар толық зерттелу керек. Егіс науқаны барысында аудан бойынша Ақсу, М.Шәменов, Мәдениет ауылдық округтерінде су тапшылығы орын алған. Белгіленген межеден артық егін орналастыру фактілері орын алды ма, алдын ала шаруашылық басшыларымен кезелесіп, түсіндіру жұмыстары жүргізу керек. Күріш егісін жинау жұмыстарын қазан айының 5-іне дейін толық аяқтау қажет. Егін жинауды мерзімдегі аяқтаумен қатар, алдағы мал қыстау науқанына аса тыңғылықты дайындықпен кірісіп, әрбір шаруашылық бойынша қажетті мал азығы мен жем-шөп қорын жасау керек. Күзгі дала жұмыстарын, атап айтқанда, көлесі жылға қажетті тұқым құю, күздік бидай егу, судігер көтеру жұмыстарын қолайлы мерзімде орындалуы үшін тиісті шаралар қабылданыздар. Су тапшылығы мәселесін ескере отырып, алдағы жылдың егін орналастыру сызбасын 1 желтоқсанға дейін әзірлеп, әртараптандыру бағытында суды аз қажет ететін дақылдар көлемін ұлғайтуды қамтамасыз етіңіздер, – деді аудан әкімі.

Бұйыртса, Жалағашта осы аптада егінге алғашқы орақ түседі. Қамбаға астық қуышлар уақыт та жақын. Жылда Сыр салысынан тау тұрғызатын диқандар биыл да дәстүр сабақтастығын жалғаса игі.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Бұл ауылда да жер мәселесінің көптен күрмеуі шешілмей келе жатқан сияқты. Атап айтсақ, ауыл тұрғыны Сағынәлі Құланбаев «Мега Агро» ЖШС-ның жерді халыққа бөліп беруге және «Белсенді» ФҚ төрағасы Шыңғыс Серіков қайтыс болған кісілердің жерлерін мұрагерлікке алуға қатысты сұрақтарын қойды. Бұл мәселелерге байланысты аудан әкімі және жауапты сала басшылары кездесуден соң ауыл тұрғындарын жеке қабылдады. Сондай-ақ бақшаға аяқ су келтірудің қиындықтары бұл ауылды да айналып өтпепті. Алайда ол дарияның жағасында отырған ел үшін тым күрделі мәселе емес. Ауыл әкімі Ғалымжан Есжанов жан-жақты мүмкіндіктерді қарастырып, бақшалыққа аяқ су өкелу жұмыстарының жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Айта кету керек, биыл Мәрәлі Шәменов ауылында 14 көше асфалтталды. Қазірде Мембет әулие, Н.Пірімов, М.Қалжанов, Абай, Есжан, Есжан-1, Алайхан, Бұқарбай батыр, Ә.Тәшімбетов секілді көшелерге орташа жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Сондай-ақ ауылдың кіреберіс көшесіне жарық шамдары орнатылған. Көптен көңіл бөлінбеген ауылдық мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстары

жасалуда. Ал осы жылдың екінші жартысында ауыл ішіндегі Жамбыл Ердузенова көшелерін жарықтандыру және табиғи газ желісін тарту жоспарланған. Сондай-ақ ауылды абаттандыру жұмыстары да назардан тыс қалмайды.

Аудан әкімі бастаған топ сөскеге таяу кент іргесіндегі Ақсу ауылына келді. Бұл аталған ауылда айтарлықтай күрделі мәселе көтерілген жоқ. Кездесу жиыныға түгел қатысқан ауыл тұрғындарының ішінен бір топ ақсақалды байқағанда, ауылда қордаланған мәселе бар екен деп ойлағанымыз да рас. Өйткені әдетте халық ел ішінде қиындықтарды жоғарыға жеткізерде алдына үлкен кісілерді салады. Алайда біз ойлағандай болмады. Ауыл ақсақалдары байыппен кезек-кезек сөз алып, елдің бірлігін сақтаудан маңызды ештеңе жоқ екенін айтты. Расында Ақсуда қазір сол бірліктен туындаған берекеелі тірлік бар. Бірнеше жылға созылған жер дауы да шешімін тапқан. Бұл шаруашылықтардың демеушілігімен Ақсу ауылына кіреберіс басты жол жарықтандырылыпты. Ал келер жылы кіреберістегі төрт көше және ішкі көшелерге жөндеу жүргізіледі екен. Сонымен бірге тозығы жеткен электр желілерін жаңарту, ауыл ішіне

Бақ бірлігі бекем елге қонады

табиғи газ кіргізу жұмыстары басталады.

Әрине ел іші болған соң мәселе болмайды емес, болады. Ақсу ауылында да егістік, жайылымдық жерлерге және интернет желісінің баяулығына байланысты біршама мәселе айтылды. Бірақ аудан әкімі ол бойынша өзі жауап беріп, алдағы күндері шешімін табатынын жеткізді және Ақсу ауылдық округі әкімі Марат Шілдебаевқа ел ішіндегі ірілі-ұсақты кез келген мәселені назарға алуды тапсырды.

Аудан әкімі Асқарбек Есжанов қай ауылға барса да алдымен тұрғындардың тірлігін емес, бірлігін кергісі келетінін айтты. Әрбір ауылдағы кездесу соңын қорытындылаған аудан басшысы өз сөзін: «...біз сіздердің ұсыныстарыңыздың негізінде бюджетке қатысты мәселелердің барлығын өз ретімен, кезеңімен шешеміз. Мейлі, қандай мәселе болса да ол үшін барлық мүмкіндікті қарастырамыз. Алайда ауылдағы ағайынның арасында өзара ынтымағы, ауызбіршілігі болмаса, бәрі де бекер. Біз ауыл әкімі бар және осы жердегі ақсақалдар мен ел ағаларының ұйытқы болуымен ең алдымен елдің бірлігін бекемдеп алуымыз керек. Сонда ғана ойға алған мақсатымыз ретімен орындалып, тірлігіміз өз-өзінен алға басады. Мен сіздерден осы мәселені ескерулеріңізді сұраймын», – деп қорытты. Расында саусақ бірлікпей, иіне ілікпейтіні белгілі.

Ауданға қарасты 14 ауылды аралап, халықпен кездескен аудан басшысы сапарының соңын кент орталығында қорытындылады. Мәдениет және өнерді дамыту орталығында тұрғындармен кездескен Асқарбек Темірбекулы алдымен кент ішінде атқарылып жатқан жұмыстармен және алдағы жобалармен егжей-тегжейлі таныстырды. Кентте кемшіліктер де, жетістіктер де бар. Бірақ екеуін таразыға тартса, жетістіктер жағы басатыны анық. Өйткені кентті көркейту мақсатында көп жұмыстар атқарылып жатыр.

Мәселен, орталық алаңдағы Рәміздер алаңын жөндеу, орталық алаңдағы балалар ойын алаңын жаңарту, орталық алаңдағы субұрақтық іске қосу, Дәуімбай учаскесіндегі Конституция және Н.Әліпұлы көшелерін жөндеу, Қазыбек би көшесін жарықтандыру,

көпқабатты үйлерді қайта жаңғырту, кент орталығындағы спорт көшенің құрылысы, «Ақтерек» учаскесіндегі 170 гектар жерге су ұңғымаларын қазу және су жинау, тарату көшенің құрылысы және ауыз сумен, электрмен жабдықтау жүйесінің құрылысы, кент орталығындағы 200 орындық оқушылар үйі және 50 орындық өнер мектебінің құрылысы, аудандағы бірнеше мекеменің ғимаратын табиғи газ отынына ауыстыру, аудандық емхана алдына және Қызылорда қаласына қатынайтын жүргізушілер үшін автовокзал маңына автотұрақ салу, Дәуімбай елді мекеніндегі Қ.Сәтпаев және ПМК-9 көшелерін жөндеу, балалар ойын алаңын салу, кенттегі емдеу мекемелеріне көріз жүйесін жүргізу, кентке кіреберіске «жасыл белдеу» құру, орталық алаңды абаттандыру, Дәуімбай елді мекеніне өтетін аспалы көпір салу, кент ішіндегі 10 көшеге күрделі жөндеу жүргізу, №123 мектеп-лицейіне қосымша ғимарат салу, орталық стадионды қайта жаңғырту, «Ақтерек» учаскесіне инфрақұрылым тарту, газ желілерінің құрылысын жүргізу, №202 орта

мектептің ауыз су мұнарасын жаңғырту, кенттегі бірнеше мектептің жылу жүйесін газ желісіне ауыстыру, «Жауқазын» балабақшасына газ кіргізу, №31 мектеп-гимназиясына күрделі жөндеу жүргізу, «Ақтерек» сауықтыру лагерьін жөндеу, қатты қалдықтар полигон құрылысын жүргізу, мемлекеттік органдарды газ отынына ауыстыру және «Ақтерек» учаскесі инфрақұрылымына электр станциясы құрылысын салу жұмыстары жүргізіледі. Әрине бұл жұмыстардың көбі атқарылып жатыр, ал біршама осы алдағы уақытта жүзеге асады.

Кент ішінде атқарылып жатқан және алдағы уақытта жүзеге асатын жобалардан хабардар болған тұрғындар өздерінің көкейлерінде жүрген сауалдарын қойды. Ол мәселелер бойынша аудан әкімі және сала басшылары жан-жақты жауап берді. Кездесу соңында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әліев атқарылған жұмыстарға жоғары баға беріп, елдің бірлігін сақтау бөрінен де маңызды екенін жеткізді.

Қуат АХЕТОВ





Дінмұхамед Қонаев – 110 жыл

Дәуір адамы

«Жүрегі бәрі үшін соғатындар шынымен де ұлы». Ромен Ролланның осы тамаша сөздерінің жарқын дәлелі – халықтың өзі Димаш деп шын жүректен жылы лебізбен және сүйіспеншілікпен атаған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың даңқты өмірі мен қызметі. Мен өмірімде жақсы адамдарды кездестіру бақытына ие болдым, олар қандай да бір жолмен өміріме әсер етті. Осы уақытқа дейін олардың барлығы үшін менде еріксіз алғыс сезімі бар. Бірақ 1972 жылы 6 мамырда Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың асқан, кристалдай тазалығымен, таңғаларлық жылы аурасымен кездесу мен үшін ерекше әрі шын мәнінде тағдырлы болды. 1972 жылы ақпанда КСРО Мәдениет министрлігі Одақтық мемлекеттік циркінің ұсынысымен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросы мені, 25 жастағы жас жігітті театрдың бірінші директоры етіп бекітті. Қазақ мемлекеттік циркі.

Бұл мен үшін үлкен ілгерілеу болды, мен оны ақтауға тырыстым. Цирк өте күрделі көп салалы организм екенін айта кету керек, оның жұмыс істеуін 350 инженерлік-техникалық және 100-120-ға жуық шығармашылық және өнер ұжымы қамтамасыз етеді.

Осындай үлкен де күрделі ұжымның көш-басшысы ретінде табысқа жету үшін менің күш-жігерім жеткіліксіз болатыны сөзсіз. Алғашқы күннен бастап-ақ республика Мәдениет министрлігі, Алматы қаласының басшылығы мен цирк ғимараты болған бірегей сәулет-құрылыс құрылымын салушылардың қолдауы мен көмегін сөзіндім. Ондағы еңбек жылдары мен үшін басшы үшін де, адам үшін де өте маңызды мектеп болды. Бұл баға жетпес тәжірибе менің болашақ жұмысыма көмектесті.

1972 жылы 6 мамырда салынып жатқан цирк ғимаратына, оның ресми ашылуына дейін республика басшылары келуге тіт еді, сол күні олар құрылысты аяқтап, аумақты абаттандыруға күш сала бастады. Мұнда қала басшылары мен «ЛавАлма-Ата Строй» компаниясының басшысы Ораз Мақайұлы Бейсенов, тамаша тұлға, Алматыда бір емес, бірнеше бірегей нысандарды салған жоғары кәсіби құрылысшы осында болды. Барлығы уайымды, бірақ ең қатты уайымдағаны өзім.

Ал 6 мамырда сағат 11-де циркке дейін машиналардың қавалькадасы шықты, одан Қазақ КСР басшылары Д.А.Қонаев, КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы шықты. Бүгінгі жас қазақстандықтардың мәліметі үшін тоғыз адамнан Тұратын КОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросы Кеңес Одағының ұжымдық жоғарғы басшылығы болды. 15 одақтық республика өкілдерінің ішінен Саяси Бюроның құрамына Украина және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеттерінің бірінші хатшылары ғана кірді.

Айтайын дегенім, Димаш Ахметұлы өте ұзын бойлы, сымбатты, жүзі ашық, жүзінен нұрлы, мейірбандылық пен мейірім төгілген азамат еді. Қою көк костюм, ашық көк жейде, жақсы таңдалған галстук, оның үстіне бірде-бір әжімсіз тамаша отыратын, бірде-бір шаңы жоқ жылтыр кара туфли әлі есімде. Ал 1993 жылдың маусым айында осынау ұлы да қасиетті адам Димаш Ахметұлымен соңғы кездескен күні сол жылдардағы әділетсіз басынан өткерген қаншама қиыншылықтарға қарамастан ол да сондай абыройлы, жарқын еді.

Қонақтарды үлкен топ: қала басшылары мен құрылысшылар қарсы алды. О.Бейсенов баяндама жасап, Д.А.Қонаев және мені цирк директоры деп таныстырды. Димаш Ахметұлы мені құшақтап: «Мынау жақсы, жас маман салды, жас маман маман қандай. Ал цирктер, бізге фермаңызды көрсетіңіз!» деді.

Мені өйтеуір босатып жіберді, толқу өтіп, бір жарым сағат бойы көрсетіп, түсіндірме бердім, Димаш Ахметұлының сұрақтарына жауап бердім, ол мені көбірек сөйлетуге итермеледі.

Тексеруге дән риза болып, құрылысшыларға алғысын білдіріп, баршаны жаңа мәдениет ошағымен құттықтады. Қоштасып үлгеріп, келіптің қасында тұрған Димаш Ахметұлы тамаша сөздерді айтты: «Отбасында жаңа саби дүниеге келгенде, ол әр адамның ерекше қамқорлығына ияналады. Сондықтан цирк, біздің мәдениетіміздің жаңа баласы, біздің қамқорлығына мұқтаж». Ал Министрлер Кеңесінің Төрағасына сілтеме жасай отырып, Б.Әшімов, ол: «Бейкен Әшімұлы, жас директорды қалай қолдаймыз?» деп сұрады. Мен үшін шын мәнінде тағдырлы болған осы маңызды кездесуден бері мен осы ғажайып тұлғаның жылыты мен қолдауын үнемі сезіндім.

1972 жылдың 6 мамырындағы маңызды алғашқы кездесуден 1993 жылғы маусымдағы соңғы кездесуге дейін осы ұлы және нағыз жер бетіндегі адаммен сөйлескен әрбір сәт есімде. 1942 жылғы сұрапыл соғыста 30 жастағы Дінмұхамед Қонаевты Сталиннің өзі Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары – одақтық және қорғаныс өнеркәсібі басқармасының кураторы етіп тағайындайды. Дәл осы сұрапыл соғыс жылдарында Кеңес әскерлерінің қажеттіліктерін барлық қажетті заттармен қамтамасыз еткен Қазақстан басты арсенал болды. Кеңес Одағы жауға атылған 10 оқтың тоғызы қазақ қорғасынынан төгілгені, жауынгерлік танкілердің қазақы сауыт-сайманмен қапталағанын ризашылықпен еске алды. Олардың үздіксіз өндіріліп, майданға жеткізілуін бүкіл соғыс жылдарында және 1952 жылға дейін Қазақстанның қорғаныс өнеркәсібін басқарған Д.Қонаев қамтамасыз етті.

Сондықтан оның ұлы жеңіске сіңірген ерөн еңбегін ерекше атап өткен жөн болар. Сонымен қатар ол Қазақстанға эвакуацияланған көптеген көсіпорындарды, соның ішінде Мәскеудің біркөтер театрлары мен киностудияларын қабылдауды және жұмыс істеуіне қажетті жағдайларды қамтамасыз етті.

1974 жылы қазақ циркінің «Ғажайыптар елі» атты жаңа спектаклінің жобасын дайындадық, бірақ Одақтық мемлекеттік цирк қойылыма қаржы бөлуден бас тартты. Әртүрлі дәрежедегі қазақстандық шеңуеніктерге жасаған сапарларым да оң нәтиже бермеді, өйткені цирк бүкілодақтық қауымдастықтың құрамында болды және Мәскеуден қаржыландырылды. Сосын Қонаевқа хат жаздым, ол мені қабылдап қана қоймай, республиканың барлық жоғары басшылығын қамтитын Орталық Комитеттің Бюро мүшелеріне жаңа бағдарламаның тұсаукесері уақытын белгіледі. Өлеңін жазған О.Сүлейменов, музыканты Н.Тілендиев жазған жобамызды сәтті қораддық, режиссері РСФСР халық әртісі В.Головкин болды. Бұл жерде

«Ғажайыптар елі» спектакліне қажетті қаражат бөлу және басқа да қолдаулар мәселесі шешілді. Кездесу соңында Димаш Ахметұлы жұмысымызға сәттілік тілеп: «Бізді премьерара шақыруды ұмытпаңыздар. Өйткені, қазір оның сәтті болуына бізміз жауаптымыз». Оның үстіне 1977 жылы көктемде Қазақ циркі бұл бағдарламаны Үлкен Мәскеу циркінде қойғанда Димаш Ахметұлы спектакльге КОКП ОК-нің Бас хатшысы Леонид Ильич Брежневті шақырды, маған Мәскеуге барып, спектакльді дайындауға кірісуді тапсырды. Маған«Бұл сенің қойылымың, өзің көрсет» деді. Л.И.Брежнев пен КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі Д.Ф.Устинов спектакльге немерелерімен келді. Оларға қойылым қатты ұнады, олар Димаш Ахметұлына алғыстарын айтып, КСРО Мәдениет министрлігі барлық қазақ цирк әртістерін айлық жалақы көлемінде марапаттады.


1976 жылы тамыз айында Димаш Ахметұлының жеке бастамасымен кәсіби өнер қайраткері, тамаша тұлға Жексембек Еркімбеков алғаш рет республика Мәдениет министрлігі болып тағайындалып, мені бірден орынбасары қызметіне шақырды. Мен үшін бұл өте күтпеген ұсыныс болды, мен өзімнің үлкен жауапкершілігімді түсініп, ұзақ уақыт бойы келіспедім. Бірақ жаңа 1977 жылдың 5 қаңтарында телефон арқылы Д.А.Қонаев, мағансөзбе-сөз былай деді: «Жарайсың, жауапкершілікті түсінесің, бірақ оны өз мойнына алу керек. Мен де 30 жасымада Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары болып тағайындалдым. Сондықтан біз жұмысқа кірісуіміз керек, әсіресе министрдің өзі сізден сұрайды. Оның орынбасары ғана емес, іні де бол».

Мәдениет министрлігінің өнер жөніндегі орынбасары қызметін атқара жүріп, Димаш Ахметұлының ішкі мәдениеті жоғары интеллектуалды тұлға болғандықтан, рухани салаға, ұлттық өнер мен әдебиеттің дамуына әрқашан жақын екеніне көз жеткіздім. Қазақстан басшысына басымдық берілді. Қонаев билеген дәуір қазақ өнері мен әдебиеті үшін нағыз ренессансқа айналуы бекер емес.

Бұл жылдар өнеріміз үшін ерекше жемісті болды. Роза Рымбаева «Алтын Орфей» сыйлығын Болгарияда, «Алтын микрофонды» Түркияда алды. Халықаралық байқаулардың жеңімпаздары скрипкашылар Айман Мұсаходжаева мен Гауһар Муразабекова, пианистер Жәния Әубәкірова мен Гүлжәмила Қадырбекова апалы-сіңлі Нәкіпбековалардың бірегей триосы болды. КСРО Үлкен театрының опера және балет спектакльдерінде Әлібек Дінішев, Рахима Жұбатұрова, Раушан Байсейітова, Рамазан Баповтар жарқырайды. Ал 1978 жылы Үлкен театр сахнасында Қазақ опера және балет театрының Абай атындағы қазақ драма театрының гастрольдік сапары.

Әуезов атындағы театр, Құрманғазы оркестрі мен «Отырар сазы» оркестрінің негізін қалаушы, көрнекті композитор, дирижер Нұрғиса Тілендиев басқарды. Әртістердің сәтті қойылымдары Вашингтонда, Парижде, Берлинде, Токиода және өлемнің басқа да астаналарында өтті. Сол жылдары тамаша өнерпаздарымыздың тұтас бір тобына КСРО халық әртісі деген жоғары атақ және КСРО Мемлекеттік сыйлықтары берілді. КСРО халық әртісі Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова, Әзірбайжан Мәмбетов, Асанәлі Әшімов бүкіл кеңестік көпұлтты өнердің мақтанышы болды. Бұл жерде біздің дарынды суретшілеріміздің еңбегі екені сөзсіз, бірақ олардың Қазақстанда шығармашылық өлеуетін толық жүзеге асыруы үшін жеке Димаш Ахметұлы Қонаевтың тұрақты қолдауы мен қамқорлығының арқасында барлық қиындықтарға қарамастан барынша қолайлы жағдайлар жасалды. Практикалық және идеологиялық сипатта болды.

Мәдениет вице-министрі ретінде мен Димаш Ахметұлының өнер және әдебиет қызметкерлерінің тағдырына жеке мейірдандықпен атсалысқанына бірнеше рет куә болдым. Олардың көпшілігі оның тікелей нұсқауымен беделді үйлерден пәтер алды, жазушыларға кітаптарының таралымын айтарлықтай арттыруға көмектесті. Жазушылар Әлжанал Әбішев пен Қалижан Бекхожиннің кітаптарының таралымын көбейту үшін кітапханаларға жаппай тапсырыс беруге Димаш Ахметұлының тікелей тапсырма бергені есімде. Одан да таңғаларлық жағдай, бірде Димаш Ахметұлымен телефон арқылы байланысқанымда, әңгіме барысында ол Мәдениет министрлігінің жағдайын және алдағы жоспарларын сұрады. Әңгіме соңында Димаш Ахметұлы Жамбыл облысында тұратын белгілі ақын Кенен Әзірбаевтың сырқаттанып жатқанын айтып, ақсақалға қандай көмек көрсету керектігін тапсырды. Шынымыды айтсам, бұл туралы бірінші рет естіп тұрмын. Бірден кетемін, бәрін анықтап, қажетті көмекті ұйымдастырамын деді. Бұған Димаш Ахметұлы: «Сен әлі жасыңн, халық арасында аты бар, салт-дәстүрді білетің, ақсақалмен жүрекке тіл табыса алатын жасы үлкен кісіге барған абзал», – деді. Бірден жұрттың сүйіктісі, композитор Нұрғиса Тілендиевті тауып алып, ақынға баруын өтіңдім. Ол өзімен бірге тағы бір жазушыны ертіп, олар ақсақалға жол тартты, ол Д.А.ның тезірек сауығып кетуін тілеп баруын айтқандығы туралы ақсақалға барды. Қонаевтан келген хабарға бірден көңілі көтеріліп, қонақтарын бір апта бойы күтіп, жібермеді. Қоштасып сөз алған белгілі ақын Димаш Ахметұлына ілтипат білдіргені үшін шынайы ризашылығын жеткізіп, әнді ешбір ауруға бап алдырмайтынын, оның үстіне декорация мен интерьерді өзгертуге дайын екенін жеткізді.



Келушілер келгеннен кейін мен Димаш Ахметұлының көп жылғы көмекшісі, тамаша тұлға, көрнекті экономист Дүйсетай Бекжановқа тапсырманың орындалғанын айттым. Оған ол: «Бұл Димеканың тікелей тапсырмасы еді, нәтижесін оған өзіңіз хабарлаңыз», – деді. Келесі күні мені Д.Қонаев қабылдады. Мен К.Әзірбаевтың денсаулығының жай-күйі, өтініштердің жоқтығы туралы әрқай-тегікейлі баяндадым және оның алаңдаушылығына ризашылығымды білдірдім. Декорация мен интерьерді өзгертуге дайын екендігі туралы ақынның сөзімен баяндамасын аяқтады. Осы сөздерден кейін Димаш Ахметұлы қатты күліп: «Мынау біздің қайратты, қайталамаған ақсақалдарымыз» деді. Барлық әңгіміміз ана тілімізде өтті. Осынау жер бетіндегі ұлы тұлғаның қазақ тілінің байлығы мен тереңдігіне қайран қалдым.

Қазақ КСР-нің халық әртісі Гүлжахан Ғалиева дүние салғанда Димаш Ахметұлы оның жалғызсырап, әсіресе туыстарына жоқтаушылардың жоқтығын айтып, оны соңғы сапарға абыроймен, адами жылылықпен шығарып салуды өтіңді. Осы киелі кісінің талай, талай адамдардың тағдырына таусылмас мейіріммен атсалысқанына өлі де таң қаламын. Бұл бөріне және барлығына қаншалықты жеткілікті болды. Өйткені 1942 жылдан бастап Қазақ КСР басшыларының бірі болды, ал 1960-1986 жылдар аралығында қысқа үзіліспен Қазақстанның тұңғыш басшысы, 1971 жылдан он бес жыл бойына Қазақ КСР Саяси бюросының беделді мүшелерінің бірі, КОКП Орталық Комитеті – КСРО-ның жоғары ұжымдық басшылығында болды.

Димаш Ахметұлы Қонаев жас күнінен ақтық демі таусылғанша бүкіл саналы ғұмырын елі мен халқына аянбай, аянбай қызмет етуге арнаған ар-намысы мен абыройын, жерлерінің шынайы сүйіспеншілігі мен құрметін сақтап қалған нағыз дәуір адамы. 1993 жылы тамызда Алматыда бұрын соңды болмаған жерлеу ресмі Д.Қонаев мұның жарқын дәлелі болды. Қазақстанның астанасы мұндай адамдарды осы жерлеу ресімінен көшірмей, бүкіл қала мен Қазақстанның барлық облыстарының өкілдері өздері ең жақсы қарым-қатынаста болған ұлы тұлғаға қайғысын, сүйіспеншілігі мен алғысын білдіруге келгенге дейін көрген емес олардың өмір сүрген жылдары, Қазақстанның таңы және оның әсем астанасы Алматы. Опера театрынан Кеңсайдағы бейіт басына дейін адамдар тұрып, арбанын астына жаңа гүлдер лақтырды, осылайша бұл ұлы да қасиетті адамның соңғы сапары жаңа гүлдермен көмкерілді. Бұл қазақстандықтардың нағыз ұлт әкесі мен ұлы замандасы үшін жасаған соңғы ісі болды.

Көп жылдар бойы Д.А.Қонаев, Қазақстан білім, ғылым және мәдениеттің нағыз таңымен бірге республиканың өндірістік-шаруашылық көшенін 800 пайызға арттырды, бейнелеп айтқанда, осы жылдар ішінде сегіз жаңа Қазақстан құрылды. Республика КСРО-ның негізгі астық қоймасына айналды. Сонда олар ер кеңестік нанның негізі қазақтың жоғары бидайы екенін мақтаншылап айтты.

Дәл осы Димаш Ахметұлы Қонаевтың тарихта әлі бағаланбаған ұлы мұрасы тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен табысты дамуының қуатты іргетасына айналды. Қазақ халқының біртуар перзентінің бүкіл өмірі мен игілікті қызметі ұрпақ үшін отаншылдықтың, тектілік пен Отанға аянбай қызмет етудің сарқылмас қайнар бұлағы болатынына сенімдімін. 1983 жылы 17 желтоқсанда мені Д.А.Қонаев, менімен мәдениет саласының жай-күйі туралы жан-жақты әңгімелескен. Мен Димаш Ахметұлының оған жіті көңіл бөлетінін, концерттер мен қойылымдарға қатысып, қазақ өнерінің майталмандарымен жеке таныс екенін білсем де, оның осы саланың жетістігін де, мәселелерін де қаншалықты терең білетініне таң қалдым. Музыка мен театрдың жай-күйіне оң баға берген ол қазақ киносына деген шынайы алаңдаушылығын, мұнын білдірді.

Жиналыстың қорытындысы мені Қазақ КСР Мемлекеттік кинематография комитетінің төрағасы етіп тағайындау туралы ұсыныс болды. Ол кезде республикада министрлер КОКП Орталық Комитеті бекіткеннен кейін ғана тағайындалатын және бұл Д.А.Қонаев КСРО жоғары басшылығының мүшесі болды, Л.И.Брежнев үш мәрте Социалистік Еңбек Ерінен кейін КОКП ОК Саяси бюросының тоғыз мүшесінің бірегейі болды.

Келесі күні таңертең КОКП Орталық Комитетінің ұйымдастыру бөлімі мен мәдениет бөлімінің меңгерушілерімен Мәскеуде болдым, содан кейін мен КСРО Мемлекеттік кинематография комитетінің төрағасы Ф.Т.Ермашев кездестім. Бұл бір ғажайып адам кеңестік киноның дамуына көп еңбек сіңірді, бірақ 1986 жылы демократияның өршіп тұрған тұсында киногерлердің экзекті сөзінде кейбір шұкіршіліксіз режиссерлер оған аяусыз жала жапты.

Оның сөзі әлі есімде: «Таңертең Димаш Ахметұлы телефон соғып, сізді қолдауды өтіңді. Мен оған сізге барлық қолдау көрсетуге уәде бердім. Айтыңызшы, мен қалай көмектесе аламын?» Бұл Димаш Ахметұлының нағыз әкелік көзқарасының тағы бір жарқын мысалы болды. Қонаевтың өз ұжымына және осы ғажайып мейірімді және жарқын тұлғаға деген шексіз алғыс сезімін халық шаруашылығының, ғылымның, білімнің және мәдениеттің әртүрлі салаларында көптеген және көптеген қазақстандықтар басынан өткерді.

Мемлекеттік кинематография комитетінің төрағасы ретінде мен Димаш Ахметұлымен жұмыста анда-санда сөйлесудің таптырмас мүмкіндігі болды, ол тағайындалған соң маған «Сіз үшін менің есімім әрқашан ашық. Келіңіздер, ақылдасыңыздар, бір бас жақсы, екеуі одан да жақсы» деді. Бұл мен үшін үлкен мәртебе болды, бірақ мен оны ешқашан теріс пайдаланбадым. Бірақ Димаш Ахметұлы киножазбаларымызды бекіткеннен кейін режиссерлермен бірге қанаттыға қақтырдық, табысқа деген ұмтылысымызды ешкім де, ештеңе де тоқтата алмады. Сондықтан, қазақ киносының дамуына нағыз серпіліс әкелген жаңа қазақ толқыны деп аталатын дарынды жас киногерлердің тұтас бір галактикасының дүниеге келуіне, ең алдымен, Димаш Ахметұлы Қонаевтың жанашырлық атсалысып, ұдайы қолдау көрсеткені бізге мәртебе еді.

Ұзақ шығармашылық өмірінде Д.А.Қонаев, Кремль басшылығының Қазақстанның мүддесіне қол сұғатын өте күрделі жағдайлар қол болды. Ал осындай ақиқат сәттерінде, туған жері Қазақстанның тағдыры қыл үстінде тұрғанда, Димаш Ахметұлы ешбір беделден қорықпай, өзі үшін ең ауыр зардаптарға ұшырап, Мәскеудің озбырлығына қарсы ашық, соңына дейін күресті. Міне, Никита Хрущев Қырымды Украинаға беріп, мұның орнын біздің солтүстік облыстардың бірқатарын Ресейге беріп, Тың өлкесіне біріктіру арқылы өтегісі келді. Димаш Ахметұлы Қазақстанның батысы мен оңтүстігінде тағы екі аумақтың құрылуына қол жеткізді, сөйтіп Тың өлкесін ерекше мәртебеден және Мәскеуге тікелей бағыныштылығынан айырды, Қазақстанның құрамында қалдырды. Сондай-ақ өзінің принципті, берік дәлелді ұстанымының арқасында Д.А.Қонаев Кремль басшылығын қазақтың Маңғышлақ түбегін Түркіменстанға бермеуге сөндіре алды. Алайда, Хрущевтің Оңтүстік Қазақстанның бірқатар мақта егін облыстарын Өзбекстанға беру туралы шешіміне Қонаевтың келесі қатаң қарсылығы оны Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметінен айырды. Сөйтіп, 1962 жылы желтоқсанда Қонаев республиканың бірінші басшысы қызметінен босатылып, оның орнына қазақ жерін көрші республикаға беру туралы бастама көтеріп, заңдастырушы Юсупов тағайындалды. Димаш Ахметұлының 1964 жылдың аяғында қайтадан республика басшысы болып тағайындалғаннан кейін жасаған бірінші ісі Қазақстанға берілген үш ауданды қайтарып берді.

Қонаевтың ерекше батылдығы мен даналығының арқасында Қазақстанда Мәскеу таңып отырған неміс автономиясын құруды тоқтату мүмкін болды. Бұл тарихи фактілер Димаш Ахметұлы Республиканы ширек ғасыр басқарған Қонаев Қазақстанның аумақтық тұтастығы мен біртұтастығын сақтап қалды. Осы ең қымбат және мәңгілік құндылықтарды сақтау үшін Димаш Ахметұлы өзінің аман-ауығын ғана емес, өмірін де құрбан етуге дайын болды.

Құдайға шүкір, мемлекеттігіміздің өмір сүруі үшін ең ауыр сынақтар өтіп жатқан бүгінгі күндерде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев саналы түрде толық жауапкершілікті өз мойнына ала отырып, елді бұрын-соңды болмаған дағдарыстан алып шыққан ең шешуші де жан-жақты шараларды тұрақтылық пен жасампаздық жолында қабылдады. Бұл сөз жоқ, батыл Мемлекет басшысының Қазақстанның тәуелсіздігі мен халықтың елаукауты үшін күресте ешкім де, ештеңе де тоқтата алмайтындығын көрсетті. Ал шүкіршілік еткен жерлерест осы қиын-қыстау күндерде Президентті түсініп қана қоймай, шын жүректен қолдады. Ал Президент пен ұлттың осынау мызғымас бірлігі – бүгінгі және мәңгілік Қазақстанның тұрақтылығы мен табысты дамуының басты кепілі.

1985 жылы наурызда КСРО басшылығына келгеннен кейін М.С. Горбачев, республикаға, ең алдымен, Д.А.Қонаевқа Кремльдегілердің суық қарағанын сездік. Жазда Сочиде болып, Қазақстанға сыбайлас жемқорлық мәселесі бойынша бармақ болған КСРО прокуратурасының аса маңызды істер жөніндегі төреушісі В.Калининченкоммен бір дас-тархан басында отырдым. Мен оған біздің республикада «Сізге ұстайтын ештеңе жоқ, өйткені бізде жемқорлықтың ізі де болмаған. Оның үстіне КСРО Прокуратурасының тер-

геушілері Гдьянмен Ивановтың өзбекстандық жетістіктері сізге нұр үстіне нұр емес, өйткені Димаш Ахметұлы 1956 жылдан бастап Алматы балалар үйіне айына 300 рубльден астам өзінің академиялық жалақысын толығымен аударған киелі адам. Алматыға оралғанымда мен Димаш Ахметұлына Калининченкоммен болған жағымсыз кездесу туралы айттым, ол өте сабырлы жауап берді. Мәскеулік детектив қанша қиянат жасаса да, әулие Димаш Ахметұлы Қонаевтың абыройы мен қадір-қасиеті өзінің мәлдір тазалығында қалды. Бірнеше қазақ жазықсыз жапа шексе де, кейін әділетті түрде ақталды.

Сол жылдың қыркүйегінде Горбачев жұ-байымен және ертіп жүрген қалың топпен Целиноградқа ұшып барып, ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша кеңес өткізді. Ол жерге «Горбачев Қазақстанда» деректі фильмін түсіру үшін кино тобын жібердік. Материалдар он екі сағатқа жуық түсірілді, бұл кадрларды қарап отырып, Кеңес Одағының жаңа басшысының Қазақстанды және Қонаевты менсінбейтінін анық көрсеткен мүлде дұрыс емес, дөрекі мінез-құлқына таң қалдым және ренжідім. Барлық хаттамалық нормалар мен қарапайым адами этикаға қайшы ол Димаш Ахметұлына қонақтарды қазақ жерінде жүргізу ретінде қарсы алуға және кездесуді ашуға мүмкіндік бермеді. Орталық таудың бұл адамы қанша бұлбұлдай сайрап тұрса да, ұлы елдің қасіретіне айналатынына көзім жетті. Он екі сағаттық түсірілімнің ішінде біз Горбачевтің дөрекі әдеттері мен қорлау мінсіздік-құнды мүмкіндігіне алып тастап, отыз минуттық фильмді өреш жинадық.

Жүрегім ауырып, фильмді Димаш Ахметұлына, тек оған ғана көрсетуге бардым. Қарап болған соң көшіріп сұрап, Димаш Ахметұлына фильмнің қаһарманы және оның Целиноградта болғаны туралы не ойлағандымы айтып бердім. Бұған жауап ретінде Димаш Ахметұлы маған сөзбе-сөз былай деді: «Горбачев ел басындағы қызметін Хрущев ретінде бастады, бірақ оның ақыры Хрущевтен де нашар болады. Мен өзімді сындырмаймын және Горбачевпен жұмыс істемеймін. Жақында мен Мәскеуге барып, оған зейнеткерлікке шығу туралы өтініш беремін». Оған мен «Димаш Ахметұлы, сіз Қазақстанға, жалпы Кеңес Одағына көрексіз, әсіресе осындай басшы керек. Сіз битке ренжіген тонды өртемейізін керек» дедім. Димаш Ахметұлы өзінің таңғажайып сүйкімді күлкісіне жымиып: «Рахмет, балам», – деп, фильмнің шығуына рұқсат берді. Өкінішке орай, Қазақстандағы және жалпы КСРО-дағы оқиғалардың одан әрі дамуы бұл ұлы тұлғаның болжамын толығымен растап, Кеңес Одағының ыдырауына әкелді. Алып ел Горбачевтің сөйлейтін дүкеніне батып бара жатып, Кремль басшылығының өбден дәрменсіздігін жарылып кете бастады.

1986 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанның ұзақ жылдар бойы қызметтен кеткен ұлы көш-басшысының орнына оның орнына белгісіз орта буын партиялық қызметкер Г.Колбин тағайындалғанда, Қазақстан халқы Кремль тарапынан, ұлттық қадір-қасиетті қорлау және тағы бір озбырлыққа төтеп бере алмады. Алматыда және республиканың басқа қалаларында жастар мен студенттердің жаппай наразылық шерулері өтті. Кремль тарапынан аяусыз басылан бұл наразылықтар кеңестік империяның жойылуының бастамасы болып қана қоймай, сонымен бірге отандастардың ұлы және жер бетіндегі әрбір қазақстандықтың мемлекет басшысы, туысы мен досына айналған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа деген шынайы сүйіспеншілігі мен құрметін айқын көрсетті.

Бүгін Димаш Ахметұлы Қонаевтың туғанына 110 жыл толу қарсаңында тұңғыш президентіміз – Елбасы Н.Ә.Назарбаев қазақ халқының осы бір ұлы перзенті туралы: «Оның Қазақстан мен қазақ халқының тарихындағы рөлі мен маңызын асыра бағалау қиын. Ол халқымыздың ең жақсы қасиеттерін бойына сіңірген. Тарихтың өзі бәрін де, әркімді де өз орнына қояды. Біз өткенге, аға ұрпаққа қашанда құрметпен қарадық, әрі қарай да қарайтын боламыз. Бұл бізміз үйрететін аса маңызды сабақ. Біз оны өліміздің тұрақты дамуының негізі ретінде ұрпақтарымызға мұра етіп қалдырамыз». Қазақ халқының біртуар перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың бүкіл өмірі мен игілікті қызметі ұрпақ үшін отаншылдықтың, тектілік пен отанға аянбай қызмет етудің сарқылмас қайнар бұлағы болатынына терең сенемін. Ал оның туған жері Алатаудың жарқыраған шыңдарындай жарқыраған мәлдір бейнесі бүгінде және әрқашанда мемлекет басшылары мен халқымыздың бірлігін нұрландыра бермек – Тәуелсіз Қазақстанның одан әрі әл-ауқатының өркендеуі мен гүлденуінің басты факторы.

Қанат САУДАБАЕВ,
саясаттану ғылымының докторы



Ойтаразы

Қазақ даласында болып, халқымыздың өз болмысына сай тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына қаныққан және қазақтың халық әндерін, күйлерін жинақтап, зерттеген орыс композиторы һәм этнографы Александр Затаевич «қазақ халқының жаратылысы ерекше, таңғаларлық, олардың ән-күйінен бөлек, әр әрпі әуезді сөздерінің өзінен ғажал әуен төгіліп тұрады» десе, орыс ғалымы, фолклоршы Григорий Потанин «маған күллі қазақ даласы ән салып тұрғандай болады», деп тамсаныпты. Рас, өткен ғасырларға дейін табиғаттан кіндігі ажырамай өмір сүрген көшпенділердің болмысынан да, тұрмысынан да сиқырлы әуен есіп тұрған деседі.



Әуен – қазақ болмысының коды

...Бірде жайлауда отырған бір ауыл-ға салт-серілер түсіпті. Қызық көреміз деп ауыл ортасындағы үлкен киіз үйге жиналған халықтың қарасында есеп болмапты. Ән-жыр айтылып, күйге кезек келгенде төрде шынтақтап жатқан қою мұртты жігіт тіктеліп отырып, домбырасын қолына алыпты. Ә дегенде домбыра шаңағанын төгілген жансергітер көңілді әуен бірте-бірте мұңға, одан соң сай-сүйегінді сырқыратар азалы күйге айнала бастапты. Соңы жиылған жұрттың жанарынан жас сорғалатып барып аяқталыпты. Сонда есік-ке тазу отырған бір кейуана иегі кем-сеңдеп: «Е-е, сорлы-ай, жалғыз ұлы ғой, қайтсын енді...», – деп сықсындап жылап жаулығының ұшымен көзін сүртіпті дейді. Сөйтсе, расымен әлгі күй жалғызынан айырылған әкенің кеудесінен шыққан зарлы запыраны екен ғой. Ал енді осыдан соң қазақтың бойындағы өнері мен ұрпақтан ұрпаққа қалып келе жатқан мәдени мұрасына таңдай ұлқеп кеткен Затаевич пен Потаниннің сөздеріне сенбей көріңіз...

Ие, түп тамырын табиғаттан тартқан көшпей көшпенді қазақтың болмысы бүтін еді бір кезде. Ол тұста қара сөздің киесі, қадірі, қасиеті бар еді, әр қазақ домбырадан төгілген сөзі жоқ әуенді де «оқи» алатын. Ал сол бабалардың қазіргі ұрпағы күйді түсінбек түгіл өннің сөзін де жөндеп ұқпайды. Тыңдарман былай тұрсын, кәсіби өншілердің өзі үлкен сахнада ән сөзін бұзып айтса, кімге өкпелейміз? Мәселен, атағы дардай бір өнші ағамызға қанша ескертулер

айтылса да атақты «Ақ бантик» өнінің «бойжетіп қалыпсың бұл күнде...» деген қатарын «өржетіп қалыпсың бұл күнде» деп соғып жүр әлі күнге. Шәмшінің әруағы көшірсін. Басқа не дейміз оған?

Сөз түсінбейді дегеннен шығады, қазақ эстрадасында әкептеуір аты бар танымал топ Мұқағалидың «Ақ қаздар арасынан аққуымды, ажырата алмаған сормандаймын» деген өлеңіне құтырынған ән жазып алып, сахнада жұлқына билеп тұрғанда жағамды ұстағам алғашында. Сол төрт өншінің тым болмаса біреуі өздері орындап тұрған өннің сөзін тұлғасы Хантаңіріндей, кеудесі жанартаудай алып ақын жанарынан жас, жүрегінен қан сорғалап отырып жазғанын білмеді ме екен? «Сормандаймын» деген сөзі бар әуенге жұлқына билеген өлірме ессіз әншілерге деген құрметің бола ма бұдан кейін?!

«Самарқанда бір қызым бар одан да сорақы» демекші, қазақ поэзиясында ешкімге ұқсамайтын өз қолтаңбасы бар аяулы ақын Жарасқан Әбдіраш ағамыздың «Кірмеші жиі түсіме» деген өлеңіне шыққан мұңлы әнді де кейбіреулер махаббат лирикасына балап, үзіле, үздіге шырқайды. Ал шындығында, ол ақынның тұмай жатып, аты жаман дертке шалдығып, бақилық болған кішкентай қызына арнаған азалы жыры екені айтылып жүр. Бұның барлығы өншілердің кітап бетін ашпауынан. Музыкалық кәсіби білім беретін орта және жоғары оқу орындарында өншілерге көркем әдебиетті, соның ішінде арнайы поэзиялық шығармаларды көп оқуға қатаң

талап қою керек. Сонда ғана келешек өздері орындайтын әндердің мәтінін түсініп, бұзбай айтатын өншілер легі қалыптасады.

Қазақ эстрадасындағы орта буын өкілдерінің ішінде әнге өте кірпияз талғаммен қарайтын өнші Саят Медеуов қазіргі жас өншілерге көңілі толмай-тының, тіпті түңілгенін жазыпты бірде. Оған себеп, бір жас өнші Саят ағасымен бір кездесіп қалғанда «Сіздің репертураныздағы әндердің барлығы керемет қой, аға. Кімнің әндері?», – деп сұрапты. Үнемі өзінен кейінгілерге қамқорлық көрсетіп жүретін Саят Медеуов өзіне тән байсалдылықпен «Менің ән-қоржынымдағы Кенен Әзірбаевтың әндері ғой», – десе, әлгі жас жігіт «Аға, маған сол кісінің телефон нөмірін бересіз бе?!», – депті қиыла өтініп. Кененнің әндерін білмек түгіл, Кененнің өзін танымай тұрған адамның өңші ретінде сахнаға шығуға құқы бар ма?..

Жақында бір тойда болдық. Ұлттық кииммен той сахнасына шыққан бес қыз домбырамен халық әндерін шырқады. Гүлдеп отырған тойшыл қауым бір сәт тынып қалды. Үлкен салтанатты сарай ішіне сиқырлы әуен қырылып жатты. «Құлақтан кіріп, бойды алады». Көпшілік аса ризашылықпен өншілерді қолалап бірнеше мәрте ортаға шақырды. Бір қызығы, әлгі қыздар ән салғанда жай күндері шет елдің даңғырлаған музыкасын құлаққаппен тыңдап жүретін жастардың өзі ұйып қалды. Демек, өншілердің жүрекпен айтқан әндері жүрекке жетті. Өйткені, олар бірінші-

дең ұстаз көрген кәсіби музыканттар, екіншіден, барлық әндерін жанды дауыспен шырқады, үшіншіден, ән мәтінінің оқиғалық желісің, яки не туралы екенін түсінген. Сондықтан да олардың көмейінен төгілген әсем әуен бұзылмай, тыңдарманның жүрегіне сіңіп, адам жаын рахатқа бөлейтін жып-жылы ағын секілді құйқылжып тұла-бойына тарады. Ал керісінше, сол өнші қыздармен бірге келген белгілі-белгісіз жас эстрада өншілерінің фонограммамен орындаған әндерін жұрт ықыластан тыңдамады. Тек ішімдіктің күшімен желіккен бірнеше жастар ғана ортаға шығып құтырына биледі. Тіпті көпшілік олардың дауысын даңғырлаған музыкадан жөндеп есті де алмады. Сондықтан қандай ән орындағанын да білмеді.

Біз тойдың сәні тек эстрада жұлдыздары ғана десек, қатты қателесеміз. Өріне, талғамға талас жоқ, сөзі құлақтанөтпейтін, әніжүреккежетпейтін «жұлдыздарды» тыңдайтын және аты мен атағы үшін, тұрасын айтсақ, өз әулетінің, отбасының атына айтылатын мақтау мен мадақ үшін тойларына тек жасанды дауысты өншілерді шақыратындар көп. Бірақ, бұрынғыдай емес, қазіргі тойшыл қауымда жақсы талғам қалыптасып келе жатқаны байқалады. Адам баласы күндердің күнінде, жасандылықтан өбден жалыққанда шынайы табиғи қалпыты іздей бастайды екен және оны түбінде табады...

Қуат АДИС

Форум

Ана – тіршіліктің бастауы

Кезінде ата-бабаларымыз елді, жерді білектің күшімен, найзаның ұшымен жан беріп қорғады. Қазақ қоғамының қиын кезеңдерінде әйелдер қауымының да ел үшін сіңірген еңбегі зор. Тарихтан белгілі батыр қыз-келіншектердің ерлігінің өзі көпке үлгі-өнеге. Болай ханым, Тұмар ханымдардың есімі ел жадында мәңгі қалады. Одан бергі көшегі Ұлы Отан соғысында талай жаудың меселін қайтарған Әлия, Мәншүктер ерлікпен қаза тапты. Олар бізге ұланбайтақ жерді аманат етіп қалдырды. Осы жерге иелік ететін, қоғамға пайдалы азамат тәрбиелеуде аналардың рөлі зор. Әрбір отбасындағы береке, бірлік, татулық анандан бастау алады.

Негізі әр шаңырақта береке болатын болса, елде тыныштық орнайтыны анық. Қазақ халқы көпбалалы отбасын ерекше құрметтеген. «Бір қозы тұса, бір жуан артық шығады» деп, көпбалалы болудан, оны тәрбиелеп өсіруден ешуақытта қорықпаған. Себебі, әр бала жарық дүниеге өз нәсібісімен келеді. Мемлекеттің дамуы жолында өртегін намысты үл мен қызды тәрбиелеуде аналардың сіңірер еңбектері мол. Біздің ауданда өмірге ұрпақ әкеліп, оларды тәрбиелеп өсіруде үлгі-өнеге болып жүрген «Алтын құрсақты» аналар жеткілікті. Биыл ауданда «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» жобасы аясында Аналар кеңесінің алғашқы форумы өтті. «Сыны мен сыры бөлек Сир аналары» атты ерекше атаумен өткен шараға Қызылорда облыстық ҚХА жанындағы Аналар кеңесі мүрұндық болды.

Форум басталмас бұрын Аналар кеңесінің төрайымы Рахима Ахметова бастаған делегация аудан орталығын аралап, қолға алынған игі жұмыстарға оң бағасын берді. «Иманқұл» мешітіне ба-

рып, болашақтың жарқын болуы үшін дұға етті. Содан соң мәртебелі ортақтарға мәдениет және тілдерді дамыту орталығының фойесінде ауданның белсенді аналарының тұндырлары таныстырылды. Онда көленер шеберлерінің бұйымдары, ұлттық нақышта тігілген киімдермен қоса өшкі сүтінен жасалған ерекше дизайндағы иіс сабындар көрмеге қойылды. Ал аудан өкімшіің орын-басары Жасұлан Еспенбет «Әже ұлды тәрбиелейді, ана тұтас ұлпты тәрбиелейді деген қанатты сөз бар. Шындығында, ана баласына берген тәрбиесі арқылы болашақтың қалыптасуына да ықпал етеді. Аудан аналары өңіріміздің дамуы мен өркендеуіне, қоғамдық-саяси және рухани әлеуетін іске асыруға белсенді атсалысуда» деп, ардақты аналар қауымына жылдың қай мезгілінде құрмет көрсетсек те артық болмайтынын атап өтті.

Форумға қатысушылардың назарына аудандық Аналар кеңесінің жыл бойына атқарған ауқымды жұмыстары туралы бейнеролик ұсынылды. Қызылорда облыстық ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің



төрайымы Рахима Ахметова бүгінгі өткен форумның ерекшелігін атап өтті. Дәл осы қоғамда қазақтың бойына біткен асыл қасиеттердің бізден алшақтап баратынын, қоғамда ең алдымен ұлттық тәрбиеге басымдық беру қажеттігін айтты. Сол алшақтықтың орын толтыруға аналар үлкен үлес қосады. Осы орайда өңірлік Аналар кеңесінің жүйесі қалыптасқанын назарға салды. Төлім-тәрбие ананың ақ сүтімен, бесік жырымен баланың бойына даритынын алғартты.

Өз кезегінде «Ана мен бала денсаулығын қорғау» тақырыбында аудандық аурухана бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Гүлсім Каюпова, «Отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің ұйымдастыру аналитикалық жұмыс тобының инспекторы Берік Ахметқали, «Отбасы, неке мәртебесін көтеру, отбасы құндылықтарын дәріптеу» туралы аудандық Аналар кеңесінің төрайымы Айқын Жақсылықова және «Қазіргі өркениетті заманға сай әйелдің бейнесін қоғамдық санада қалыптастыру» төңірегінде үлгілі жас ана Раушан Атаулиева орамды ойларын ортаға салды.

«ЖЖ» ақпарат

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Өнегелі өмір иесі

Жалағашқа келіп, жұмыс жасап жүргеніме жеті жылдан асыпты. Осы уақыт ішінде көз алдымда талай нәрсе өзгерді, әсіресе кент көшелері бұрынғыдай емес, көркейді, мен тұратын көшедегі үйлердің де ажары артып, жаңа үйлер көбейді. Бірақ менің көз алдымда еш өзгеріссіз қалған мына бір көрініс әлі күнге өнегелі өмір иесіне деген ерекше құрметімді жоғалтқан емес. Нағашымның үйінің құдайы көршісі Жұмақұл әжейдің шаңырағы береке мен тыныштыққа толы мекен. Расында «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деп бекер айтпаймыз. Бүтіндей бір әулеттің ұйытқысы болып отырған әжейдің әлі күнге ширақ, еңбекқорлығын талайға үлгі етуге болады.



Жасы сексеннің сеңгіріне шықса да Алла қуат беріп қойған ақжаулықты ана ұлтымызға тән асыл қасиеттердің желісін үзбей бүгінгі күнге дейін жалғастырып келеді. Біреу білсе, біреу білмес, Жұмақұл әжей шеберліктің шынына жетіп, айтар ой мен көрсетер дүниені табандылықпен ұштастыра білген іскер тоқымашы. Біраз жасқа келсе де аса ептілікпен, шыдамдылықпен тоқыма өнерінен қол үзген емес. Қазақ халқының өнерін, мәдениетін қазіргі буынның санасында жаңғыртып отыратын Жұмақұл Жолтаевамен әңгімелесіп, көленер, тоқыма өнерінің қыр-сырына қанық болдық.

– Мен бала кезімнен тоқыма тоқимын, көленерім айналысамын. Бұл өнерге деген қызығушылығым әлі күнге дейін толастаған емес. Бұл өнер аса ептілік пен тәзімділікті қажет етеді. Бірақ бұл мен үшін қиындық туғызған емес. Жүн түтемің ұршық иірімін. Одан дайын жіптен түрлі тұрмыстық бұйымдар, шұлықтар мен көудешелер тоқимын. Қазіргі күнде де тұрмыста қолданылатын бұйымдардың көбісі тоқу арқылы дайындалады. Өйткені тоқыма бұйымдарына сұраныс көбейіп келеді. Менің жаняма жақын өнер болған соң жан-жақтан сұрастырып, жалалықтан хабардар болып отыруға тырысамын.

Берімізге белгілі, бұл өнер заман ағымына қарай дамып, әсемдікке тұнып тұрған дүниелерді жасау да қолданылып жүр. Адамдардың талғамының өсуі, заманның жаңаша қарқын алуы осы тамаша өнердің де алға жылжып, ілгерілеуіне жетелеп отыр. Себебі, қазіргі жастар ұтысыне иген киімн ерекше етуге, өзгелерден әдемі көрінуге тырысып жүреді. Сондықтан, тоқымашылар да мұны ескереді деп ойлаймын. Тоқымамен айналысатын адам алдымен түрлі-түсті жіптердің үйлесім табуын, сән үлгілерінің озық түрін білуі керек. Тоқу үшін біз бен жіп болғаны. Біз бірнеше түрге бөлінеді. Қарапайым сым темірден жасалған біз. Бұл көбінесе шұлық тоқуға, мойынорағыш, тағы басқа да бұйымдар тоқуға пайдаланылады. Екіншісі, екі басы да сым темірден жасалып, ортасына түтікше пластмасса кігізілген қарапайым біз. Үшіншісі, ілмек біз. Бұл – аталып тұрғандай іліп тоқуға арналған біздің түрі. Ілмек біздің әр түрлісі болады. Бүгінгі заман мүлде басқаша. Кейбір ұлттық өнеріміз, салт-дәстүріміз ұмыт қалып жатыр. Оның қасында қазақ көленерінің, тоқыма бұйымдарының қайта қолданысқа енуі мені қуантады. Үйде қыздарыма, немерелеріме тоқыма тоқудың қыр-сырын үйретіп отырамын. Өйткені жаңа буын жастар ұлттық құндылықтардан ешуақытта қол үзбеу керек, – дейді ісмер әжей.

Біз Жұмақұл әжемен әңгімелесу барысында өз ісіне ширақ, епті екенін байқадық. Дем арасында жүнді иіріп, одан шыққан жіптен қажетті дүниені тоқып шықты. Алпаның берген денсаулығы, халық көленеріне деген сүйіспеншілігі сексеннен асқан әжейге қуат беретіндей. Таңқаларлығы, Жұмақұл әже ұршық иіріп, тоқумен айналысқанда көзілдірік қолданбайды екен. Еш қиындықсыз әп сәтте шұлық тоқып, балаларына, немерелеріне үлестіріп береді. Кейде қыс қамын жазда ойлағандар тоқымашыға алдын ала тапсырыс беретіндер де кездеседі. Ақ жаулықты әжеңіз ісмерлігін көрші-көлем, көп біледі. Кейіпкеріміздің өнегелі өмір жолын көпке үлгі етуде тағы бір айтатын жақсы қасиеті бар. Әсіресе қазір күн төртібінен түспей тұрған бұл мәселе тоқымашы әжеге қиындық туғызған емес.

Таң бозарып атқаннан Жұмақұл әжейдің үйіндегі тіршілік елден бұрын басталып кетеді. Ел-жұрт ұйқысынан оянып, көзін енді тырнап ашып жатқанда Жұмақұл әжей ауласынан бастап үйінің көше бетіне дейін сыпырып, шашылған құл-қоқыстарды өртеп жүреді. Несін жасырамыз, сол маңдағы қатарлас үйлердің ішіндегі қай кезде де айнадай таза болып тұратыны осы кісінің үйі. Құн шақырайғанда үйімізден шығып жұмысқа бет алған біздер қарияның бұл ісіне қарап сүйсінесек, бір жағынан ұялатынбыз. Өйткені күнделікті бұлай аула сыпырмақ түгілі көше беттегі қоқыстарымыздың сенбілікте ғана бір тазарып қалатынын білеміз ғой. Тазалықты әр тұрғын өз ауласынан бастасын дегенде де бағынбаймыз, керісінше қолымыздағы босаған шөлмекті, қалдықтарды кезді ала бере тастай саламыз. Сонда өзімізді өзіміз алдаусыратамыз ғой, «Мені ешкім көріп тұрған жоқ» деп. Осылайша адам баласының табиғатына тән адамгершілік деген қасиет барын естен шығарамыз. Ал біз мақаламызға арқау өткен қазына кеуде қарияның өмір сүру дағдысында бұлжымас қағидаға айналған осы бір игі ісі ақыл иелерінің бәріне ой салуы тиіс.

Жұмақұл әже – өнегем өрілген өмір жолында он шақты баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп, ұлын уяға, қызын қияға қондырған алтын құрсақты ана. Бүгінде сол перзенттерінен немере-шөбере сүйіп отыр. Расында, әжейдің еңбегі, әсіресе тазалыққа тастай талаппен қарауы үлгі қыларлықтай, бір жағынан көптің қолынан келе бермес дүние. Сексеннен асқан алтын қол иесіне ұзақ ғұмыр тіледік.



Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат қылметінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның: сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті қозқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша

31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08

телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1400

Кезекші редактор: Нұржамил АЛМАСҚЫЗЫ